

БӨЛІМ: ЭССЕ

Алғысым көп анашым менің сізге...

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/72922/>

Алғысып көп анашым менің сізге

Өмірге мені әкелген

Мәпелеп мені өсірген

Тәй-тәй басқан кезімде

Тұсауымды кестірген

Қанаттыға қақтырмай

Тұмсықтыға шоқтырмай

Шаршасада қиналмай

Қиындыққа мойымай

Осы кезге жеткізген

Білім беріп өсірген

Мақтанышым балам деп

Мақтау сөзге тойдырған

АНА жүрек сезеді гой бәрінде

Баласының қиналған кез сәтінде

АНА жүрек бала үшін бәрінде

Сарп етуге дайын осы өмірде

АНА саған айтар менің тілегім

Ауырмашы

Аман жүрші

Күлімдеші

Қартаймашы

Алыс жүрсем аландамай

Әкеме бір қарап қойшы

Осы өмірде бір ғана менің арманым

Арманым да ылғи менің анам бар

Бақыт тілеп анам менен әкеме

Бас иемін сіздердей әке шешеме.. Баланы өмірге әкелген, жарық берген ол ана. Ана әлемдегі теңдесі жоқ қасиет. Ана алдындағы парызынды қанша жерден жақсылық жасасанда қайтара алмайсын дейді. Иә ол дұрыс. Өйткені ана саған жарық дүние сыйлады, мәселеп өсірді, білім берді, бойына адал қасиеттерді дарыта білді. Үлкенге деген құрметті бойына сіңірді. Жат қылықтардан аулақ болуға үйретті. Ойнап жүріп бір жерінді жарақаттап алсан саған ананнан басқа ешкімнің жаны ашымайды, алыста жүрсен ананның жүрегінен басқа ешкімнің жүрегі ауырмайды. Өйткені әр ана өз баласының қамын ойлайды. Менің балам білім алсын, бір мамандық иесі болсын, өзге балалардан кем болмасын деп жинап тергенін баласына жұмсайды. Біз өмірде көп қателік жібереміз. Кейде қайғырып өзімізге деген сенімізді жоғалтамыз. Осы кезде бізге тек анамыз ғана сенім беріп, қолдап, басымызды қайтадан тік көтеріп жүруге күш береді. Сол себепті біз ешқашанда осы деңгейге анамыз арқылы жеткенімізді ұмытпауымыз керек. Біздей ұрпақ тәрбиелеп отырған аналарға мың алғыс айту ол аздық етеді. Сол себепті аналарымызды өміріміздің соңына дейін алақанымызда аялап өту ол біздің міндетіміз...

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.